

Халықаралық электр байланысы одағы Дүниежүзілік радиобайланыс конференциясының қорытынды актілеріне қол қою жөніндегі өкілеттіктер туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 қарашадағы N 1083 Қаулысы
1992 жылғы 22 желтоқсандағы Халықаралық электр байланысы одағы
конвенциясының 31-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ
ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің төрағасы
Куанышбек Бақытбекұлы Есекеевке 2007 жылғы 22 қазан - 16 қараша кезеңінде Женева
қаласында (Швейцария Конфедерациясы) өткізілетін Халықаралық электр байланысы
одағы Дүниежүзілік радиобайланыс конференциясының қорытынды актілеріне қол
қоюға өкілеттік берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*